

Додокоиндар дегеніміз не?

Додокоиндар – бұл виртуалды валюта, ол Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша «Додо Пиццадағы» тауарларды Мобильді қосымшада жеткізуге, өзімен алып кетуге тапсырыс беру кезінде немесе Мобильді қосымшада «Залда» бөлімін таңдау кезінде жеңілдікпен сатып алуға мүмкіндік береді.

Додокоиндар қалай есептеледі?

- Мобильді қосымша, Сайт арқылы, Пиццерияда, Телефон бойынша Тауарларға тапсырыс бергеннен кейін, Қатысушы тапсырыс құнының 5%-ын ең жақын бүтін санға дейін дөңгелектелген Додокоиндар түрінде алады. Мысалы, егер тапсырыс құнының Додокоиндар түріндегі 5%-ы 1,5 Додокоинға тең болса, онда Қатысушыға 2 Додокоин есептеледі; егер тапсырыс құнының Додокоиндар түріндегі 5%-ы 1,3 Додокоинға тең болса, онда Қатысушыға 1 Додокоин есептеледі.
- Додокоиндар Додокоиндарды есептен шығару нәтижесіндегі бағдарлама шеңберінде, сондай-ақ өзге де адалдық бағдарламалары шеңберінде берілетін жеңілдіктер сомасына есептелмейді.

Додокоиндарды қалай есептен шығаруға болады?

- Додокоиндарды Мобильді қосымшада көрсетілген тауарлардың белгілі бір тізіміне ғана есептен шығаруға болады.
- Додокоиндар есептен шығарылатын тапсырыстың ең төменгі құны кемінде 1 теңгеге тең.

Бонустық бағдарлама (2021 жылдың «01» қарашасынан бастап қолданылады)



1. Терминдер мен анықтамалар

1.1. Бонустық бағдарлама (Бағдарлама) – Сайтта, Мобильді қосымшада, Пиццерияда және Телефон арқылы Тауарларды сатып алу үшін Додокоиндарды алуға мүмкіндік беретін іс-шаралар кешені; Промокодтар, сондай-ақ жаңа Қатысушыларды көбірек тарту және ағымдағы Қатысушыларды сақтау мақсатында Компания мен Серіктестер бірлесіп іске асыратын Қызмет көрсетудің ерекше шарттары.

1.2. Промокодтар – Жобаға қатысқаны үшін Компания жіберетін ұсыныстар. Промокодтарды есептеу, пайдалану және есептен шығару ережелері Жобаның Пайдаланушы келісімінде көрсетілген.

1.3. Додокоиндар – Бағдарламаға қатысқаны үшін Қатысушыға есептелетін виртуалды шартты бірліктер (кешбэк).

1.4. Жеке кабинет - Жария оферта бойынша айқындалатын Қатысушының дербес деректерін, сондай-ақ Сайтта, Мобильді қосымшада тіркелгеннен кейін қолжетімді Сайтты, Мобильді қосымшаны пайдалануға байланысты өзге де ақпаратты қамтитын Сайттағы, Мобильді қосымшадағы Қатысушының есептік жазбасы. Жеке кабинетте Додокоиндардың ағымдағы теңгерімі туралы деректер көрсетіледі.

1.5. Жоба – «Құпия сатып алушы» жобасы, оған қатысу шарттары <https://dodocontrol.ru/> сайтында көрсетілген.

1.6. Қызмет көрсетудің ерекше шарттары - Компания мен Серіктестерден тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу кезінде Қатысушының жеңілдіктерге құқықтары.

1.7. Компания – «Додо Франчайзинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, НМТН 1131101001844, Коми Республикасы, Сыктывкар қ., Октябрьский даңғылы, 16.

1.8. Серіктес - Бағдарламаға қатысатын «Додо» тауар белгісімен франчайзингтік желі шеңберінде біріктірілген тұлғалар.

1.9. Пиццерия - Сатушыға тиесілі Тауарларды дайындау орны. Пиццериялардың мекен-жайлары Сайтта және Мобильді қосымшада көрсетіледі.

1.10. Тауарлар – «Додо» тауар белгісімен біріктірілген және Сайтта орналасқан «Додо Пицца» пиццериялар желісінің өнімдері.

1.11. Сайт - www.dodopizza.kz.

1.12. Мобильді қосымша – платформаға байланысты емес «Додо Пицца. Пицца жеткізу» мобильді қосымшасы.

1.13. Телефон - +7 707 447 07 07.

1.14. Пиццерия – «Додо Пицца» пиццериясы, Серіктестердің Тауарларды дайындайтын және сататын орны. Пиццерияның мекен-жайы Сайтта, Мобильді қосымшада көрсетіледі.

1.15. Қатысушы – Компанияның немесе Серіктестің Бағдарламаға сәйкес Бағдарламаға тіркелген кез келген клиенті.

1.16. Хабарлама – қатысушының feedback@dodopizza.kz электрондық поштаға немесе +7 707 447 07 07 телефон нөміріне жіберілген өтініші.

2. Жалпы ережелер

2.1. Компания Қатысушыларға алдын ала ескертусіз кез келген уақытта Бағдарлама шарттарына өзгерістер енгізуге құқылы. Қатысушы көрсетілген өзгерістерді дербес қадағалауға міндеттенеді.

2.2. Компания мен Серіктестер Промокодтар, Додокоиндар есептелетін/есептен шығарылатын Тауарлар және/немесе қызметтер тізбесіне кез келген өзгерістер енгізуге құқылы. Компания Промокодтарды, Додокоиндарды есептеу тәртібін өзгертуге құқылы. Қатысушы көрсетілген өзгерістерді дербес қадағалауға міндеттенеді.

2.3. Серіктестер Компаниямен келісім бойынша жарнамалық жеткізгіштерде және/немесе Сайтта, Мобильді қосымшада, әлеуметтік желілерде, Қатысушының электрондық поштасы мекен-жайы бойынша хаттарда, Мобильді қосымшада Қатысушыға пуш-хабарламаларда жарияланатын қосымша Қызмет көрсетудің ерекше шарттарын ұсынуға құқылы.

2.4. Серіктестер Бағдарламада көзделген өтініштерден басқа, Бағдарламаға қатысты Компания атынан өкілдік етуге, мәлімдеме жасауға немесе кепілдік беруге уәкілетті емес. Компания Серіктестердің өтініштеріне немесе кепілдіктеріне қатысты міндеттеме алмайды.

2.5. Қатысушы Тапсырысты рәсімдеген кезде Компания бұл үшін техникалық немесе өзге мүмкіндік болмаған жағдайда Бағдарламаға қатысудан бас тартуға құқылы.

2.6. Қатысушы Компанияға, онымен үлестес заңды тұлғаларға және Серіктестерге Жария оферта шарттарына сәйкес Бағдарламаға қатысу мақсатында өзі көрсеткен өзінің дербес деректерін өңдеу құқығын береді.

2.7. Қатысушы Бағдарламаға тіркелу кезінде өзі көрсеткен дербес деректердің дұрыстығы мен нақтылығы үшін жауапты болады. Бағдарламаға тіркелу кезінде көрсетілген дербес деректер өзгерген кезде Қатысушы Компанияға дереу хабарлама жіберуге міндетті.

2.8. Бағдарламаға тіркелу кезінде көрсетілген Қатысушының дербес деректерінің өзгергені туралы Компанияға хабарламауға байланысты қолайсыз салдарлар толығымен Қатысушыға жүктеледі.

2.9. Бағдарламаға тіркелген сәттен бастап Қатысушы Компаниямен өзара қарым-қатынасқа түседі, Бағдарламаның шарттарымен келіседі.

2.10. Бағдарлама Қазақстан Республикасының аумағында Пиццерияларда қолданылады. Пиццерия мекен-жайларының толық тізімі Сайтта және Мобильді қосымшада орналастырылған.

2.11. Бағдарламаның шарттары, егер Бағдарламада өзгеше тікелей көзделмесе, Сайт пен Мобильді қосымша үшін қолданылады.

3. Бағдарламаға тіркелу

3.1. Бағдарламаға қатысу үшін Бағдарламаға тіркелу қажет.

3.2. Бағдарламаға тіркелу Мобильді қосымшада немесе Сайтта келесі әрекеттерді орындау арқылы жүзеге асырылады:

3.2.1. телефон нөмірін (+7-XXX-XXX-XX-XX) пішімінде енгізу;

3.2.2. көрсетілген телефон нөміріне SMS-хабарлама түрінде берілген құпия сөзді енгізу;

3.2.3. Додокоиндар, науқандар және жаңа өнімдер туралы ақпарат алу үшін (email, SMS, push-хабарламалар арқылы) Сайттағы және/немесе Мобильді қосымшадағы жарнамалық жіберілімге жазылу;

3.2.4. Додокоиндар алу үшін – Тауар сатып алу.

3.3. Бағдарламаға тіркелу Пиццерияда келесі әрекеттерді орындау арқылы жүзеге асырылады:

3.3.1. Пиццерияда Тауар сатып алу;

3.3.2. телефон нөмірін (+7-XXX-XXX-XX-XX) пішімінде атау.

3.4. Бағдарламаға тіркелу Тауарларға Телефон арқылы тапсырыс беру арқылы жүзеге асырылады. Телефон арқылы Тауарларға тапсырыс берілген ұялы телефон нөмірі Бағдарламада тіркеледі.

4. Додокоиндарды есептеу ережелері

4.1. Мобильді қосымша, Сайт арқылы, Пиццерияда, Телефон бойынша Тауарларға тапсырыс бергеннен кейін Қатысушы тапсырыс құнының Додокоиндар түріндегі 5%-ын алады.

4.2. Тапсырыс жасалғаннан кейін Додокоиндар Мобильді қосымшада және Сайтта Қатысушының жеке кабинетінде пайда болады.

4.3. Додокоиндар Додокоиндарды есептен шығару нәтижесіндегі Бағдарлама шеңберінде, сондай-ақ өзге де адалдық бағдарламалары шеңберінде берілетін жеңілдіктер сомасына есептелмейді.

4.4. Додокоиндар Жеке кабинетте ең жақын бүтін санға дейін дөңгелектеніп есептеледі.

Мысалы, егер Тауарларға тапсырыс құнының Додокоиндар түріндегі 5%-ы 1,5 Додокоинға тең болса, онда Қатысушыға 2 Додокоин есептеледі; егер Тауарларға тапсырыс құнының Додокоиндар түріндегі 5%-ы 1,3 Додокоинға тең болса, онда Қатысушыға 1 Додокоин есептеледі.

4.5. Додокоиндар Бағдарламаның 4.1-тармағында көрсетілген әрекеттер жасалған сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде есептеледі.

5. Додокоиндарды есептен шығару ережелері

5.1. Қызмет көрсетудің ерекше шарттары Қатысушыға тек Мобильді қосымшада көрсетілген Тауарлардың белгілі бір тізіміне Мобильді қосымшадағы Додокоиндарды есептен шығару құқығын береді.

5.2. Егер Мобильді қосымшада, әлеуметтік желілерде өзгеше көрсетілмесе, тапсырыстың ең төменгі құны кемінде 1 (бір) теңгеге тең болуы тиіс шартымен, Қатысушы тапсырысты жасаған кезде Додокоиндарды есептен шығаруға құқылы.

5.3. Додокоиндар Қатысушыларға тек Додокоиндар үшін сатылуы мүмкін Мобильді қосымшада ұсынылған арнайы Тауарларды/қызметтерді сатып алу кезінде есептен шығарылуы мүмкін.

5.4. Соңғы тапсырыс жасалған күннен бастап 400 (төрт жүз) күн ішінде Мобильді қосымша, Сайт арқылы, Пиццерияда, Телефон бойынша Тауарларға тапсырыстар жасалмаған жағдайда, Компания Қатысушы жинаған Додокоиндардың күшін жоюға құқылы.

6. Бағдарламаға қатысуды тоқтату

6.1. Қатысушы Компанияға қатысуды тоқтату туралы Хабарлама жіберу арқылы кез келген уақытта Бағдарламаға қатысуды тоқтатуға құқылы. Тиісті Қатысушының Бағдарламаға қатысуы Компания Қатысушының хабарламасын алған сәттен бастап тоқтатылған болып есептеледі.

6.2. Бағдарлама шеңберінде Қатысушы алған Додокоиндарды басқа тұлғаға қандай да бір тәсілмен сатуға, табыстауға немесе басқаға беруге немесе Бағдарламада көзделген тәртіптен басқа тәсілмен пайдалануға болмайды.

6.3. Компания мына жағдайларда кез келген Қатысушының Бағдарламаға қатысуын оның ескертуінсіз тоқтатуға құқылы:

- Бағдарламаның және Бағдарлама Додокоиндарын пайдалану шарттарын сақтамау;
- Компания, Серіктестер және үшінші тұлғалар үшін әртүрлі типтегі және дәрежедегі зиянды салдарға әкеп соқтырған немесе әкелуі мүмкін алаяқтық әрекеттер жасау, алдау;
- Додокоиндарды теріс пайдалану немесе мұндай теріс пайдалану туралы күдік туындағанда;
- Компанияны немесе Серіктестерді адастыратын немесе шындыққа сәйкес келмейтін ақпаратты (мәліметтерді) ұсыну;
- Компанияға және/немесе Серіктестерге материалдық залал, моральдық және өзге де жағымсыз салдарға әкеп соқтырған немесе әкеп соғуы мүмкін алдаудың немесе өзге де айла-шарғы жасаудың маңызды белгілері бар әрекеттерді жасау немесе жасау ниеті;
- мемлекеттік органдардың талаптарына сәйкес;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

6.4. Компания Додокоиндарды коммерциялық пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ескертусіз ішінара немесе толық есептелген Додокоиндардың күшін жоюға құқылы.

6.5. Бағдарламаға қатысу Бағдарламаның 6.3-тармағында көрсетілген негіздер бойынша тоқтатылған жағдайда Қатысушының есептелген Додокоиндары толық немесе ішінара жойылады.

7. Қатысушыға ақпараттық және жарнамалық жіберілімдер

7.1. Қатысушы Компаниядан сервистік, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей: қалыптасқан Додокоиндар туралы, Бонустық бағдарлама шарттарының өзгеруі туралы хабарламаларды алуға келісімін растайды.

7.2. Қатысушылар Жеке кабинеттегі параметрлерді өзгерту немесе Компанияға +7 707 447 07 07 телефон нөмірі немесе feedback@dodopizza.kz электрондық поштасы бойынша хабарласу арқылы Компаниядан жарнамалық хабарламаларды алудан бас тарта алады. Ақпаратты алудан бас тарту үшін жарнамалық хабарламаларды алуға жазылым ресімделген ұялы телефон нөмірін/email мекен-жайын хабарлау қажет.

7.3. Сервистік және жарнамалық хабарламаларды жіберу кезеңділігін Компания айқындайды.

8. Компанияның жауапкершілігін шектеу

8.1. Компания осы шарттарға сәйкес өзіне алған міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, сондай-ақ мыналардың нәтижесінде, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, туындаған ықтимал залалдар үшін жауапты болмайды:

- Сайттың, Мобильді қосымшаның, сондай-ақ Бағдарламаға тіркелу кезінде көрсетілген Қатысушының электрондық пошта мекенжайының ақпараттық қауіпсіздігін немесе қалыпты жұмыс істеуін бұзуға бағытталған үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері;
- Сайттың, Мобильді қосымшаның жұмысындағы ақаулар;
- Қатысушы сервері мен Сайт, Мобильді қосымша сервері арасында интернет байланысының болмауы;
- Қатысушылардың дербес деректерін, оның ішінде телефон нөмірлері мен электрондық пошта мекен-жайларын өзгерту туралы хабарламалары (Бағдарламаның 2.7-тармағы);
- жедел-іздістіру іс-шаралары жүйесі шеңберінде іс-шаралар өткізу;
- осы шарттарға немесе олардың бір бөлігіне сәйкес міндеттемелерді орындауды қиындататын немесе мүмкін етпейтін мемлекеттік немесе муниципалдық реттеудің анықталуы;
- Сайтта, Мобильді қосымшада профилактикалық жұмыстарды орындау;
- форс-мажорлық мән-жайлар, сондай-ақ апаттар немесе ақаулар туындаған жағдайда.